



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ  
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02  
ББК 74.00  
И 63

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Куанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02  
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023  
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 37.034

## ЫБЫРАЙ МЕН СПАНДИЯР ҮНДЕСТІГІ

Анасова Айнаш Бектурсыновна  
тарих магистрі  
А.Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ  
Қостанай қ., Қазақстан  
Боканова Айгул Ахметсапина  
педагогика ғылымының магистрі  
А. Байтұрсынов атындағы Vinom SCHOOL мектеп лицейі  
Астана қ., Қазақстан  
Мирамова Жумабике Жумабековна  
тарих пәнінің мұғалімі  
№15 жалпы білім беретін мектебі  
Қостанай қ., Қазақстан  
E – mail: anasova\_ainash@mail.ru

### Аңдатпа

Берілген мақаланың өзектілігі қазақ сахарасында мәдениет пен оқу ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі – өнеге көрсеткен Ы.Алтынсарин және С.Көбеевтің мұраларының маңызы ерекше. Оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өз мәнін жойған жоқ. Мақсаты: Қазіргі таңдағы қолданылып жүрген жаңа технологиялық топтық, өзгені тыңдай білу, бірлесе оқу әдістерінде Ыбырай, Спандиярдың педагогикалық идеялары жатқанын дәлелдеп көрсету.

**Түйінді сөздер:** кіріктіре оқыту (интеграция), ланкестрлік әдіс, әдіскер – ғалым, педагог – маман, оқу мақсаттары.

### Аннотация

Актуальность данной статьи особое значение имеет наследие И.Алтынсарина и С.Кобеева, которые подняли в казахской земле знамя культуры и просвещения, пропагандировали, что все необходимое народу – богатство, счастье и добро – приходит со знанием дела, примером тому служат открытия школ, написание учебников, подготовка учителей. Многие из его принципов до сих пор не утратили своей сущности. Цель: доказать, что применяемые в настоящее время новые технологии обучения: групповые, самостоятельные, педагогические идеи Алтынсарина, Спандияра лежат в методах совместного обучения.

**Ключевые слова:** интегрированное обучение (интеграция), ланкестровский метод, методист – ученый, педагог – специалист, цели обучения.

### Abstract

The relevance of this article is of particular importance to the legacy of I.Altynsarin and S.Kobeyev, who raised the banner of culture and enlightenment in the Kazakh land, propagandized that everything necessary for the people – wealth, happiness and goodness – comes with knowledge, an example of this is the opening of schools, writing textbooks, training teachers. Many of his principles have not yet lost their essence. Objective: to prove that the currently used new learning technologies: group, independent, pedagogical ideas of Altynsarin, Spandiyar lie in the methods of joint learning.

**Key words:** integrated learning (integration), the lankester method, methodologist – scientist, teacher – specialist, learning objectives.

Білім беру саласында өзгерістер, жаңалықтар оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру, ұлттық ерекшелікті ескеру, даралап, саралап оқыту бүгінгі күннің мәселесіне айналады. Осы тұрғыдан алғанда қазақ сахарасында мәдениет пен оқу ағартудың туын көтерген, халыққа қажетті бар байлық, бақыт та, жақсылық та біліммен келетінін насихаттаған, мектеп ашу, оқулық жазу, мұғалім даярлау сияқты табанды істерімен де үлгі – өнеге көрсеткен Ы.Алтынсариннің мұраларының маңызы ерекше. Оның көптеген қағидалары осы күнге дейін өз мәнін жойған жоқ.

Қазіргі кіріктіре оқыту (интеграция), ланкестрлік әдістерін алсақ, Ыбырай Алтынсарин өз тәжірибесінде қолданғанын байқауға болады. Ланкестрлік әдістің негізгі мазмұны сабақты жақсы оқитын сыныптың оқушылары өзінен төменгі сыныптың балаларын оқытады, мұғалімге жәрдемдеседі. Осы әдіс қазіргі кездегі сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдісімен ұштасатын сияқты.

Ыбырай Алтынсарин мектептің басты мақсаты – баланың дұрыс тәрбие алып шығуы болуы керек деген принципті ұстанды. Бұл ағартушының губернаторларға, оқу инспекторларына жазған хаттары мен есептерінен айқын аңғарылады. Сол кезеңдегі орыс билігінің қазақ жерінен мектеп ашудағы басты мақсаты – қазақ балаларына білім беруден гөрі қазақ қоғамын орыстандыру және орыс жазуын енгізу арқылы отарлау саясаты болғаны мәлім. Ал, Ы.Алтынсарин мектептің «қазақ арасында ғылыммен қаруланған, дұрыс көзқарасы бар адамдардың көбеюіне» ықпал етуі керектігін басты назарда ұстап, мектепке сауатты мұғалімдер тартуға талпынады. 1882 жылы Торғай облысы



мектептеріндегі оқу жұмысына қатысты тапсырған есебінде: «Қазақтарға білім енді беріле бастаған кезде ең әуелі қабілетті оқытушылар болуы керек екенін еске алып, Торғай облысының мектептеріне педагогикалық қызмет жөнінде қабілеті бар және тәжірибесі мол адамдарды тартуға талай әрекет жасаған едім», – дейді. [1, б. 7] Ы.Алтынсариннің мінсіз педагог, көреген басшы (инспектор) болғандығы, балаға білім беру жолында мұғалімдерге жолбасшы бола білгендігі ағартушы туралы жазылған естелік хаттардан айқын аңғарылады. Мысалы, мұғалім А.А.Мазохиннің 1889 жылы 28 қыркүйекте жазған хатында: «Алтынсарин мұғалімдер үшін бастық қана емес, әке де, ниеттес қайырымды дос та еді. Оның мектепке келуі ұлы мерекедей қуаныш еді, оған барлығын да айтуға болатын», – дейді. [1, б. 7] Мұғалім Ф.Д.Соколовтың 1889 жылы 6 қаңтарда және 9 тамызда жазған хаттарында: «Оның біздермен, мұғалімдермен өткізген әңгімелері жүрекке жылы тиіп, таң қалдырарлықтай әсерлі болатын, ісіңе деген қайрат – жігеріңді тасытатын, мектепті шын ниетіңмен ұнатуыңа, өз міндетіңді мінсіз атқару үшін бар күшіңді салуыңа ұмтылдыратын. Жалпы онымен бірге болып әңгімелескен адам, одан шыққанда дем алып, қуаттанып шығатын. ...Марқұмның бүкіл өмірі өзінің сүйікті қырғыз (қазақ) халқының оқу – ағарту ісіне арналды. Ол халқының өмірін қырағы бақылап, терең түсінді. Оқу ісін өзі қандай жақсы көрсе, қарауындағы мұғалімдердің де сондай ұнатуын талап ететін. Ол өзінің сырға толы тартымды әңгімесімен мұғалімдерді оқу ісіне ынталандырып отыратын. Ол мұғалімдердің арасында өте беделді болатын», – деп жазған. [1, б. 7] Ағартушының қазақ тілінде жазылған еңбектердің жоқтығына орай, сол кезеңдегі дереккөздерге арқа сүйеуі заңдылық және Ы.Алтынсариннің бастауыш сыныптағы қазақ баласы білсе екен деп ұсынып отырған бұл еңбектерінің барлығы сол кезеңдегі мықты ғылыми зерттеулер болатын. Қазіргі таңдағы «Жаратылыстану», «Дүниетану» оқу бағдарламалары мазмұнынан оның ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің жоғарыдағы тұжырымын жалғастырушы пән ретінде орныққанын аңғарамыз. «Дүниетану» пәні бойынша екінші сыныптағы «Өзім туралы», «Менің отбасым және достарым», «Менің мектебім», «Менің туған елім», «Дені саудың жаны сау», «Салт – дәстүр және ауыз әдебиеті», «Қоршаған орта», «Саяхат» деген ортақ тақырыптар аясындағы оқу мақсаттарында көрсетілген «елімнің көрікті жерлері», «шаруашылықтың пайда болуы», «ауа райы», «табиғат және шаруашылық», «менің өлкем», «табиғаттағы қауіп – қатерлер» тәрізді тағы да басқа тақырыпшалар Ы.Алтынсариннің бала үшін қажетті білімдер деп таныған тұжырымымен толық сәйкес келеді. Ағартушының әңгіме және түсіндіру арқылы балаға зат пен құбылысты суреттеу, әртүрлі заттардың ұқсастығы мен айырмашылығын салыстырту, өз тәжірибесіне сүйене отырып қорытынды жасату тәрізді әдістері «Жаратылыстану», «Дүниетану» пәндері тапсырмаларында жүйелі беріледі. Бұл Ыбырай Алтынсариннің бір ғасырдан астам уақыт бұрын айтып кеткен методикалық әдіс – тәсілдері бүгінгі жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтарда әлі күнге дейін сақталып келе жатқанының айғағы. Ы.Алтынсариннің ғылым мен техниканың жетістігін балаларға ұғындырған, ізденуге, еңбек етуге, заман талабына бейімделуге шақырған өлеңдері, баланы еңбек пен адалдыққа тәрбиелейтін, ұлы жаңалықтар мен өнер табыстарын суреттейтін әңгімелері күні бүгінге дейін оқу – тәрбие жұмыстарының өзегі болып келе жатыр.

Ы.Алтынсарин мектеп жұмысының нәтижелі болуы ең бірінші мұғалімге байланысты екенін үнемі ескертіп отырды, оқушының тақырыпты дұрыс меңгеріп, оны есте сақтауына және дұрыс сөйлеуге дағдылануына мұғалімнің басты рөл атқаратынын айтады. Ы.Алтынсарин мектептің қазақ арасында ғылыммен қаруланған, дұрыс көзқарасы бар адамдардың көбеюіне ықпал етуі керектігін басты назарда ұстап, мектепке сауатты мұғалімдер тартуға талпынады. 1882 жылы Торғай облысы мектептеріндегі оқу жұмысына қатысты тапсырған есебінде: «Қазақтарға білім енді беріле бастаған кезде ең әуелі қабілетті оқытушылар болуы керек екенін еске алып, Торғай облысының мектептеріне педагогикалық қызмет жөнінде қабілеті бар және тәжірибесі мол адамдарды тартуға талай әрекет жасаған едім», – дейді. [2, б. 15] Ағартушының тұжырымдары мен ұстанымдарын жинақтағанда Ыбырай талап еткен мұғалім бейнесі мынадай: «Бұлай етпеген күнде оқыту мен оқу жұмысын жүргізуде система болмайды. Система жоқ жерде нәтижелі іс те болмайды», – дейді ағартушы. Ы.Алтынсарин әсіресе мұғалім біліктілігінің оқыту мен тәрбие жұмыстарына зор ықпал ететінін үнемі ескертіп отырған. Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тұрған кезіндегі 1883 жылы 12 ақпанда шығарған нұсқау хатында білім беру мен тәрбие жұмыстарына қатысты мұғалімдерге бірнеше ұсыныс айтып, жол сілтеген болатын.

Ал, Спандияр Көбеев жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп, жас ұрпақты орыстың тілі мен әдебиетін, мәдениетін үйренуге баулыды. Ол бұл саладағы қызметін Ы.Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. Би – болыстардың қырына ілінген қыңыр әкенің кесірінен мектепке іліге алмай қалған кедей баласын орналастырған да Торғайдың оқу инспекторы еді. Ұлы ұстазы алдында жаутаңдап, оның мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен соған ұқсауды армандаған екен. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман – тілегі болды. Ол ұстаздық жұмысы мен жазушылық қызметін тығыз байланыстыра жүргізді. Өзі оқытқан шәкірттерінің сыныптан тыс оқуына арнап орыс жазушылары мен ағартушыларының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып, «Үлгілі тәржіма» деген атпен жеке кітап етіп бастырды. Бұл бастауыш мектептегі қазақ балаларына арналған оқу кітабы еді. Ұлы ұстазы

Ыбырай үлгісін пайдалана отырып, ол бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғаттың түрлі құбылыстарымен таныстыратын, өсімдік, жануарлар әлемі туралы білім беретін әр алуан қысқа әңгімелер кіргізді. Бұл шығармалар баланы боссөзділік, өз мінін білмеушілік, жалқаулық, мақтанқұмарлық, қолдағыны місе тұтпаушылық сияқты жаман әдеттерден аулақ болуға, оның орнына адал, еңбекқор, қайырымды болып жетілуге тәрбиелейді.

Спандияр Көбеевтің «Баланы семьяда тәрбиелеу» атты еңбегін әлі күнге дейін маңызды деп санауға болады. Ол: «Бала тәрбиесі қиын да, қызықты да жұмыс. Тек жалықпаған мұғалім ғана бұл жұмыста ойдағыдай нәтижеге жетеді. Дегенмен, баса айтатын жағдай мектеп тәрбиесі мен семьяның тәрбиесі тығыз ұштасып, бір жерден шыққан күнде бұл нәтиже әрі дәйекті, әрі тиянақты болмақ. Спандияр Көбеевтің ойынша ұлт мектептерінде ең алдымен ана тілінде сауат ашу мәселесі қолға алыну қажет. Дәлел келтірсек, «Сабақты баланың табиғи ана тілінде түсіндіру жас өспірімнің ақыл – ой дүниесіне, сезім қиялына күшті әсер етеді. Оқушыны ана тілінде жазылған әңгіме арқылы оқыту халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет – ғұрып, рухани өмірмен, арман мүддесімен таныстырып, патриоттық сезімін оятады.

Арнаулы салған мектеп үйінің жоқтығы, жабдықтар мен оқу құралдарының жетпеуі, ел ішіндегі балаларын орысша оқытуға наразы надан көзқарас – бәрімен жас мұғалім жалғыз күреседі. С.Көбеев балаларды Ыбырай әдісімен оқытады, ғылым негіздерін үйретеді. С.Көбеев ұстазы Ы.Алтынсарин тәрізді мұғалімдік қызмет пен жазушылықты шебер ұштасыра білді. Мұғалімдік қызметінің алғашқы жылдарында И.А.Крыловтың мысалдарын аударып, сабақтарында пайдаланады. Мұны ол ескі ауылдағы ұнамсыз мінез – құлық пен ел әкімдерінің, бай – шонжарлардың кертартпа көзқарастарын сынауға пайдаланады. С.Көбеевтің қазақ топырағында тұңғыш романдарының бірі болған «Қалың мал» 1913 жылдың қазан айында басылып шығады. Бұл роман шығармашылық өмірінде ерекше орын алады. Мұнда қазақ ауылының әлеуметтік суреті, қазақ әйелінің тағдыры, оның теңсіздігі және жастар өмірі, ойын – той салттары туралы бейнеленген. Атайдың соңғы жылдары жазған «Орындалған арман» атты мемуарлық еңбегі 1954 жылы өңделіп, екінші рет кітап болып баспадан шығады. Кітаптың негізгі мазмұны педагог – жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Өсіресе, Ы. Алтынсариннің халықтық қызметін көрсетуге көп көңіл бөлген.

Ыбырай және шәкірті Спандиярдың шығармалары бір – бірімен үйлесім табады. [3, б. 7] Екеуінің де өмір жолындағы негізгі қызметі ағартушылық болды. Ыбырай мұғалім ретіндегі алғашқы дәрісін өлеңмен бастағанда, аузына Апласын алады.

Бір Аллаға сыйынып,  
Мұнтаздай боп киініп,  
Ұстаздарға иіліп,

Кел, балалар, – оқылық деген жолындағы сөзін айта отырып, жасөспірімдерге сол ойды ұғындырмақ болады.

Ал, шәкірті Спандияр «Мектепке шақыру» деген өлеңде:

Балалар, жиналыңдар мектепке ерте,  
Мәз болмай деген сөзге, мырза ерке,  
Бұл кезде өнерлі адам өрге шықты,

Зат емес, надан кісі, алар текке, – тым әсерлі, жұмсақ сөздермен ұйқысынан оятып, баланы мектепке кетуіне дайындайды. Ата – ананың балаға деген мейірімін, шын ықыласын білдіреді. [4, б. 42]

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңдағы мектептер жүйесі Ыбырай Алтынсарин мектебінің моделі негізінде дамып жетілгені айқын. Бастауыш мектеп педагогикасы мен әдістемесінің тұңғыш негізін қалаушы, кіші жастағы балалар психологиясына лайықталған білім беру жүйесінің тұңғыш негізін салушы ұлы ағартушы, әдіскер – ғалым, педагог – маман Ы.Алтынсариннің «мектеп – қабілетсіздік пен жалқаулықтың ұясына айналмауы тиіс», «педагогикалық жұмыстағы шешуші нәрсе – ең жақсы оқыту әдістерін таба білу», «оқыту процесінде қалай болса солай оқытпай, ғылыми білім беру жүйесі сақталу керек» деген тұжырымдары дәл қазіргі кезеңде де өзекті. Қазіргі таңдағы қолданылып жүрген жаңа технологиялық топтық, өзгені тыңдай білу, бірлесе оқу әдістерінде Ыбырай, Спандиярдың педагогикалық идеялары жатқанын да білеміз. Тарихи тұлғаларды, тарихи санасы бар нығайған ел ғана бәсекеге қабілетті болады. Ағартушылардың сара жолын жалғастыру – біздің басты міндетіміз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Жақсанов О., Ыбырайдың жолын құған зерделі шәкірт. // Қостанай, 2008 ж, 11 қараша 7 б.
2. Көбеев С., Орындалған арман, А., 1988 ж.
3. Қирабаев С. Әдебиетті қайта оқу. Әдебиеттік зерттеулер мен мақалалар. Алматы: «Балауса» баспасы, 2010 ж.
4. Мырзалиев С., Қирабаев С., Қазақ әдебиеті. Алматы: «Балауса» баспасы, 2001 ж.